

Базарбек Мұқышев,

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры,  
педагогика ғылымдарының докторы

### **Педагогикалық университет қандай болуы керек?**

Ел болашағының жарқын болуы бүгін мектепте тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақтың біліктілігі мен парасаттылығына тікелей байланысты. Оқушылардың жан-жақты дамыған, мемлекетшіл, шығармашыл тұлға болып қалыптасуы мектептегі ұстаздардың кәсіптік білім деңгейіне тәуелді екені де белгілі. Ал мұғалімдердің кәсіптік білім жүйесі педагогикалық жоғары оқу орындарында қалыптасады.

Шілде айында өткен Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы білім беру ұйымдарына қатысты өзекті мәселелерге тоқталып өтті. Айтылған мәселелердің бірі – бас қаладан педагогикалық жоғары оқу орнын ашу. Мемлекет басшысы Астанада білікті ұстаздардың тапшылығы ерекше сезіліп отырғанын айтып, жыл сайын бір мыңға жуық мұғалім жетіспей жататынын хабарлады. «Сондықтан елордада педагогикалық жоғары оқу орнын ашу туралы ұсынысты қолдаймын. Бұл – дер кезінде көтерілген бастама. Сол арқылы салынып жатқан мектептерге қажетті мамандар даярлауға мүмкіндік туады. Үкімет педагогикалық оқу орнын ашуды мұқият пысықтауы қажет. Қаражат мәселесін шешуі керек», деді Президент.

Астана қаласындағы және орталық, солтүстік аймақтардағы орта білім беру мекемелерінің педагог мамандармен қамтамасыз етілу жағдайына талдау жасап көріп едік, жедел шешуді қажет ететін мәселелердің барына көзіміз жетті. Соның ішіндегі кезек күттірмейтін маңызды мәселенің бірі – елордада мемлекеттік педагогикалық университет ашу. Өйткені Астана қаласының және оған жақын орналасқан елді мекендердің орта мектептерінде мамандардың тапшылығы жыл сайын қатты сезіліп отыр. Ал кадр мәселесін шешіп алмай, сапалы білім беру туралы әңгіме қозғаудың маңызы шамалы.

Осы орайда Астана қаласында ашылатын педагогикалық университеттің құрылымы, мақсаттары және міндеттері туралы өз ойымызды жеткізгім келеді. Кәсіптік деңгейі жоғары ұстаз арнайы педагогикалық жоғары оқу орнында толық қалыптасады. Өйткені мұндай оқу орнының бір ғана айқын мақсаты болады, ол – еліміздің білім беру мекемелерінің (орта мектептер және колледждер) талабына сай келетін педагогтер даярлау. Біздіңше, педагогикалық университеттің негізгі міндеті: үш тілді еркін меңгерген, оқушыларға сыни ойлай білуді және өздігінен білім алу жолдарын үйрететін білікті ұстаздар даярлау; шығармашыл, заманауи оқыту технологияларын меңгерген және ІТ-құзыреттілігі жеткілікті, жан-жақты дамыған ұстаздарды

калыптастыру; жаратылыстану-математика циклдері бойынша студенттерге теориялық және практикалық мазмұндағы әдістемелік білім бере отырып, мектептерге енгізіліп жатқан STEM бағдарламасымен жұмыс істеуге үйрету; тәрбие беру әдіснамасының іргетасы ретінде ұлттық тәрбие беру жүйесін қабылдау.

Сонымен қатар еліміздегі педагогикалық жоғары оқу орындары қазіргідей Ғылым және жоғары білім министрлігінің емес, Оқу-ағарту министрлігінің құрамында болуы қажет. Өйткені мектепке дейінгі мекемелер, орта мектеп және педагогикалық жоғары оқу орны құрылымдарының арасындағы ғылыми, әдістемелік, тәрбиелік және практикалық сабақтастық үзіліп қалмауы үшін аталған құрылымдар бір сала құрамына кіргені дұрыс. Орта мектепке педагог дайындау бағытындағы әлемдік тәжірибеге зер салсақ, осы саланың түрлі ғылыми-зерттеу институттары немесе орталықтар педагогикалық жоғары оқу орындарында шоғырланған.

Мұндай жағдайда педагог мамандығын таңдаған студенттер тек теориялық және практикалық білім жүйесін ғана меңгермейді, сонымен қатар ғалым-педагогтердің жетекшілігімен әртүрлі зерттеу жұмыстарына қатысады. Ал кафедралардың профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен докторанттар педагогикалық бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен мақсатты әрі жүйелі түрде айналыса алады.

Әлемдік білім беру жүйесі және педагогикалық бағыттағы ғылыми-зерттеу орталықтарының іс-тәжірибелерін сараласақ, педагогикалық университет құрамындағы төменде айтылатын зерттеу институттары және орталықтардың болғаны құптарлық. Кезінде жемісті жұмыс істеген Мұғалімдердің біліктілігін көтеру институтын қайтадан қалпына келтіру маңызды. Егер осындай институт педагогикалық университет құрамында болса, мектептегі пәндерді оқыту үдерісінің практикалық нәтижелері және осы пәндерді оқыту әдістемесі мен технологиясындағы теориялық жаңалықтар бір арнада тоғысар еді.

Педагогика және психология ғылымдары әрбір баланың түрлі бағытта дарыны болатынын дәлелдегелі жарты ғасырдан артық уақыт өтіпті. Демек университет құрамында оқушының дарынын мақсатты түрде зерттейтін ғылыми орталықтар болуы керек. Мектеп оқушыларының дарындылық феноменінің теориялық негізін арнаулы ғылыми-зерттеу институттары жасаса, оны практикаға енгізу жұмысымен республикалық «Дарын» ғылыми практикалық орталығы айналысар еді.

Мектеп оқулықтары жөнінде айтылып жүрген мәселелер әлі де жүйелі түрде шешілмей келеді. Өйткені әр пән бойынша сапалы оқулықты жазып шығару – бір-екі автордың қолынан келетін жұмыс емес. Оқулықтар кешенді, күрделі ғылыми ізденіс жұмыстарының нәтижесінде сапалы болмақ. Егер мектеп оқулығын құрастыру жұмысына педагогикалық университеттер атсалысса, бұдан біздің ұтарымыз мол. Өйткені оқулық әзірлеуге педагогикалық оқу орнының ғалымдары, қызметкерлері, студенттер және мектептердің үздік мұғалімдері қатыса алады. Педагог-ғалымдар Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жасаған білім беру

стандарттары негізінде оқулықтар құрастырады, кафедра мүшелері мен студенттер оқулықтың әрбір тақырыбын эксперименттік мектептерде тәжірибеден өткізіп, әрбір оқушының оқу материалдарын қабылдау мүмкіндіктерін зерттейді. Осындай зерттеу нәтижесінде алынған статистикалық мәліметтер кафедраның ғылыми семинарларында талқыланады. Сөйтіп, университет кафедраларында оқулықтың жеке тақырыптары бойынша айтылған сындарлы пікірлер нәтижесінде сапалы оқулық пайда болады.

Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлайтын факультеттерде мектептегі пәндік кабинеттерге қажетті құрылғыларды жетілдіру жұмыстарымен айналысатын студенттік конструкторлық орталықтар, құрылғыларды қолдан жасайтын шеберханалар, роботтехникалық зертханалар және білім алушылардың практикалық машығы мен шеберлігін қалыптастыруға бағытталған тағы басқа бағдарламалар жұмыс істеуі керек. Болашақ маманның шығармашылығын дамытатын және практикалық шеберлігін ұштайтын осындай арнаулы орталықтардың болуы университеттің профессорлық-оқытушы құрамының, кафедра докторанттары мен магистранттарының студенттермен тікелей ғылыми және әдістемелік қарым-қатынаста болуын қамтамасыз етеді.

Қазақ халқының мыңдаған жыл бойы үздіксіз жинақтаған рухани байлығы – өнерін, әдебиетін, тарихын зерттейтін ғылыми институттар жемісті еңбек етіп жатқанын білеміз. Университет құрамында осы рухани құндылықтармен байланыстағы педагогикалық ойлар мен идеяларды зерделейтін этнопедагогикалық орталықтар болғаны жөн.